

Бастауыш білім беру
бағдарламалары кәсіби
бөлімінің тарихы

**Бастауыш білім беру
бағдарламалары кәсіби бөлімі**
оқу-тәрбие қызметін жүзеге
асыратын бірнеше кафедралардың
кіріктірілуі негізінде қалыптасқан.

1984 жылы дефектология факультетінің құрамында «Орыс тілі, әдебиеті және арнайы мектептерде оларды оқыту әдістемесі» кафедрасы ашылды (кафедра меңгерушісі ф.ғ.к., доцент Манякина З.И., 1986 жылдан бастап ф.ғ.к., доцент мендекинова р.т.);

1985 жылы «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасы құрылды (кафедра меңгерушісі 1985-1987 жылдары п.ғ.к., профессор Жумаханов А.Р., 1987-1988 жылдары п.ғ.к. Храпченков Г.М., 1988-1990 жылдары п.ғ.к., доцент Рахметова С.Р.);

1990 жылы «Бастауыш мектептегі математика әдістемесі теория негіздерімен» кафедрасы (кафедра меңгерушісі, п.ғ.к., доцент Оспанов Т.Қ.) жеке бөлініп шықты.

1992 жылдан бастап «Қазақ тілі мен оны оқыту әдістемесі» кафедрасы (кафедра меңгерушісі п.ғ.к., доцент Рахметова С.Р.), «Бастауыш мектептегі еңбекке үйрету, бейнелеу өнері және дене тәрбие әдістемесі» кафедрасы (кафедра меңгерушісі доцент Сатқанов О.С.), «Музыка және музыкалық білім» (кафедра меңгерушісі, т.ғ.к., доцент Валиулина Р.Н.) кафедралары құрылды.

1997 жылы «Ана тілінің теориясы мен әдістемесі» (кафедра меңгерушісі, п.ғ.д., профессор М.Караев), «Математика және музыка теориясы мен әдістемесі» (кафедра меңгерушісі, п.ғ.к., профессор Оспанов Т.К.) кафедралары құрылды.

1998 жылы олардың барлығы «Бастауыш оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасына біріктірілді (кафедра меңгерушісі п.ғ.к., профессор Оспанов Т.К., 2004 жылдан бастап п.ғ.к., доцент Қосанов Б.М.).

2007 жылы «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру теориясы мен әдістемесі» кафедрасы болып өзгертілді (кафедра меңгерушісі, п.ғ.к., доцент Жұмабаева А.Е.);

2015 жылы «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру теориясы мен әдістемесі» кафедрасы «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» болып өзгертілді (кафедра меңгерушісі, п.ғ.д., профессор Жұмабаева А.Е.);

2020 жылы «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасы «Бастауыш білім беру бағдарламалары кәсіби даярлау бөлімі » болып өзгертілді (жетекшісі, п.ғ.д., профессор Жұмабаева А.Е.).